

Словак Республикасының Президенті Рудольф Шустердің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 13 қараша N 1442

Қазақстан Республикасы мен Словак Республикасы арасында екі жақты ынтымақтастықты нығайту әрі Словак Республикасының Президенті Рудольф Шустердің Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 14-15 қарашадағы ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру-протоколдық іс-шараларды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

Словак Республикасының Президенті Рудольф Шустердің Қазақстан Республикасына 2001 жылғы 14-15 қарашадағы ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру іс шараларын;

Қазақстан - словак сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі комиссиясының (бұдан әрі - үкіметаралық комиссия) екінші мәжілісін ұйымдастыруды;

Үкіметаралық комиссияның екінші мәжілісін өткізуге арналған шығыстарды 2001 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша):

қосымшаға сәйкес Словак Республикасының ресми делегациясы мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және көлікпен қызмет көрсету жөнінде қажетті шараларды қабылдауды;

сапарды өткізу соның ішінде ресми делегация мүшелерінің тұруы және тамақтануы шығыстарын 2001 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Словак Республикасының ресми делегация мүшелерінің тұратын және баратын орындарда қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп. Словак Республикасының Президенті арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтүін;

арнайы ұшақтың Астана қаласының әуежайында қонуын, ұшуын, техникалық

қызмет көрсетілуі, тұруы және жаңармай құйылуын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат қуралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Астана қаласының әкімі:

Словак Республикасының ресми делегациясын баратын орындарда күтіп алу мен шығарып салу, сондай-ақ Астана қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Астана қаласында Қазақстан Республикасы іскер топтары өкілдерінің Словак Республикасы іскер топтарының өкілдерімен кездесуін ұйымдастырын.

7. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында және Қазақстан Республикасы Президентінің Сарайында Словак Республикасының Президентін күтіп алу мен шығарып салу рәсіміне, сондай-ақ Отан қорғаушылар ескерткішіне гүлдесте қоюға қатыссын.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім

бойынша) Словак Республикасы ресми делегациясының күзетілетін тұлғаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.

9. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 13 қарашадағы
N 1442 қаулысына
қосымша

Словак Республикасының ресми делегациясы мүшелерін орналастыру
және оларға қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Словак Республикасының ресми делегациясы мүшелерін (1+11) Астана

қаласында "Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйіне, сондай-ақ бірге жүретін адамдарды Астана қаласында орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсетеү.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Интерконтиненталь-Астана" қонақ үйіне орналастыру.

3. 2001 жылғы 14-15 қарашадағы сапарды өткізуге жұмылдырылған адамдар үшін үткыр байланыс құралдарын (5 дана) жалға алу.

4. Баспа өнімдерін (бейдже, автокөліктерге арнағы рұқсаттамалар) дайындау.

5. Кәдесыйлар және Словак Республикасының ресми делегациясы басшысы үшін
с ы й л ы к с а т ы п а л у .

6. Словак Республикасының ресми делегациясын Астана қаласының әуежайында күтіп алу және шығарып салу рәсімдерін техникалық безендіру (VIP-зал, сусындар, шай, жалаулар, Астана қаласының әуежайында және делегацияның жүру бағыты бойынша қазақ және словак тілдерінде қошеметтеу транспаранттары), сондай-ақ Словак Президенті Рудольф Шустердің Қазақстан Республикасына ресми сапарының бағдарламасына сәйкес ұйымдастыру-протоколдық іс-шараларын дайындау мен

7. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атынан

Словак Республикасының Президенті Р.Шустердің құрметіне Астана қаласында ресми қонақасы үйімдастыру.

8. Словак Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне және бірге жүрген адамдарға медициналық қызмет көрсету.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Касымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК